

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҮЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

III Халықаралық Фараби оқулары жәнс
«Жас тілшілер» атты IV Қожакеев оқулары аясында

**«ӘЛ-ФАРАБИ – ДАНАЛЫҚТЫҢ ЖІБЕК ЖОЛЫМЕН» атты
студенттер мен жас галымдардың ғылыми форумының
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Таким образом, можно выделить следующие виды СМИ: Несколько из них могут быть отнесены к категории «СМИ» — магазин, гимназия, училище, библиотека.

МАТЕРИАЛЫ

научного форума студентов и молодых ученых
«АЛЬ-ФАРАБИ – ПО ШЕЛКОВОМУ ПУТИ МУДРОСТИ» в рамках традиционных
III Международных Фарабиевских чтений и IV Кожакеевских чтений

14 апреля 2016 года

PROCEEDINGS

of the Scientific Forum of students and young scientists
«AL-FARABI – ON THE SILK ROAD OF WISDOM» as a part of the traditional

III International Farabi readings and IV Kozhakeev readings
«Zhas tilshiler»

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

Ғылыми редакторлар:
ф.ғ.к., доцент **С. Медеубек**
с.ғ.д., профессор **Г.С. Сұлтанбаева**

Жауапты редактор
ага оқытушы **Н.П. Сапарходжаева**

Техникалық редактор
кафедра маманы **А.Д. Елғондинова**

III Халықаралық Фараби оқулары және «Жас тілшілер» атты IV Қожакеев оқулары аясында
«ӘЛ-ФАРАБИ – ДАНАЛЫҚТЫҢ ЖІБЕК ЖОЛЫМЕН» атты студенттер мен жас ғалымдардың
ғылыми форумының материалдары. 14 сәуір, 2016 жыл / жауапты ред.: Н.П. Сапарходжаева. –
Алматы: Қазақ университетті, 2016. – 224 б.

ISBN 978-601-04-2532-3

КӘКЕН ҚАМЗИН,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ф.г.д., профессоры

МУРАТ ШАЙМАРАН,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ага оқытушысы

«БІР ҚАЛАНЫҢ ТАРИХЫ» ХИКАЯТЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САТИРА

Адам баласының, адамзат қогамының ілгерілеу, даму, өркендеу басқыштарының сан қылы бедеріне көз тастасақ, ол құбылыстың өзіндік заңдылықтары, тенденциялары, жұмбақ-тылсымдары әлсін-әлі бой көрсетіп қалады. Шығармашылық туға, талғамы биік зерттеуші осы категорияларды сана елегінен өткізеді, белгілі бір қорытынды шығарады, ой түйеді, ұсыныс айтады. Ол ұдерістердің зерделенуі, сараптаушы жүгінген әдіс-тәсіліне қарай, коркем, ғылыми не болмаса тұрмыстық қана денгейде болуы әбден ықтимал. Осы ретте әр заманның ойшылдары қогамдық құрылымға, билік пен әлеумет қарым-қатынасына – қай заманда болмасын, өзектілігі ортаймайтын осынау тақырыпка арналған тиісті тілек-пікірлерін, ұлті-модельдерін жария етіп отырған. Әділетті қоғам, жерүйік мекен іздеу мәсслесі қазақ ауди әдебиетінде, тас бітіктерде, басқа форматты басылымдарда ежелден жүйелі көрініс тапқан. Мәселен, мінсіз қоғам моделін іздеген Әбунасыр әл-Фараби қайырымды қаланы (мемлекетті) адам өмірін нәрлендіру үшін, оны исғұрлым толымды сту үшін бір-бірінс дем бере алар сау тәннің үйлесімді мүшелеңін тенейді [1, 179]. Әрі қарай ұлы ғалым, философ, қоғамтанушы, музыкатанушы, публицист қайырымды қаланы (мемлекетті) билеуге үміт еткен жанға қажетті туа бітер мынадай он екі табиги қасиетті атап көрсетеді:

1. Өзіне тиістің-әрекеттерді лайықты атқару үшін адамның он екі мүшесінде еш мін болмау керек.

2. Айтұшының иені мензеп отырғанын ой елегінен өткізе отырып, айттылған создің түгелін жаратылысынан өте жақсы сіңіре де ұға алуы керек.

3. Зерделі де болжампаз ақыл иесі болуы керек, белгілі бір заттың болар-болмас қасиетін аңгара салысымен, сол қасиеттің нені білдіретінін лездес тап баса білуі қажет.

4. Созінің ажарлы болғаны абзal және ойындағысын толықтай айқын жеткізе алғаны жон.

5. Оку мен танымды қош көрүі керек.

6. Асқа сұғанақтық танытпау керек.

7. Шындық пен оны демеушілерді басына көтеруі, жалғандық пен оны әспеттесушілерден жиренуі керек.

8. Рухын асқақтатқаны, абырайды пір тұтқаны абзal: оның жаны жаратылысынан кез келген лас нәрседен биік тұрғаны және жаратылысынан өршіл істерге ұмтылғаны жон.

9. Дирхем, динар және дүнисуаи тіршіліктің басқа да жүрнақтарынан аулақ болу керек.

10. Жаратылысынан әділдікті және оны қолдаушыларды пір тұтуы керек, әділетсіздікті, қатығез билікті және оған дем берушілерді жек көрүі керек.

11. Өз жүртyna да, өзгеге де әділ болу керек. Әділ болу керек, бірақ қиқар болмау керек, қыңырлық танытпау керек, әділдік алдына қасарыспау керек, бірақ кез келген әділетсіздік пен абырайсыздыққа қасқая қарсы тұру керек.

12. Қажетті деп есептеген нәрсені жузеге асырарда табандылық танытқаны абзal және осы ретте жүректілік, қайраттылық көрсеткені, үрей мен жігерсіздікке жол бермегені жөн.

Бұның бәрін бір адамның басынан табу қын, сондықтан жаратылыстың осындағы сыйына ие болған жан сирек үшірасады, халықтың аз-маз болігі ғана» [2, 184-185]. Расын айту керек, бұл арада Әбунасыр әл-Фараби бабамыз өзі көксеген жағымды қоғам образын, өз пайымындағы ел билеушісінің парасатты бейнесін, өз мұратының сымбатты жобасын алға тартады. Ал тап сондай келісімді, ұнамды тұлғаның онша жіе кездесе бермейтінін әлеуметтік өмір де, қоғам эволюциясы да айқын көрсетіп отыр. Сондықтан болар, танымал жүртшылық белсендісі А.Керімтаев біздің заманның кейбір ел тұтқалары сын-сипатын мынадай контрасты бояумен, тотияндағы аңы сықақпен ажарлайды:

«Ол – өз малайлары үшін ғана қаһарман.

Ол – қазіргі дәуірдің өнімі, бірақ жарамдылығы баяғыда етіп кеткен.

Ол атак-данқты жанындај жақсы көреді. Бірақол оған қайырылатын емес.

Ол күндіз де өз көленкесінен үркеді.

Ол орнынан айрылып қалам деп сескенбесе, әуелде-ақ жан тапсырап еди.

Ол Құдайға әйтсөй сенеді. Кім білсін, алда-жалда?

Ол жасампаз шешімін тағы да жүзеге асыра алмады. Жасампаздық жанай өтті»[3, 5-15].

Біздіңде, дәл осы үзіндіге филология ғылымдарының докторы, профессор Т.К.Қожакеевтің: «Сатира жай сынау емес, мазақтай, келемеждей сынау, өткір, уытты етіп кекете сынау», - деген анықтамасы дәп келіп тұрған сияқты [4, 18].

Әлбестте, Платон, Аристотель және әл-Фараби заманынан соң да озық ойлы талай зиялды мен оқымысты Билік турасында сан түрлі концепция, сан қылыш анықтама ұсынғаны мәлім. Айталық, осы мәселенің матрицалық, қолданбалық мән-мағынасын нактылай түскен В.Г.Ледяевтің пайымдауынша, «биликтің» семантикалық аланына мынадай ұғымдар кіреді: әлденеге ықпал ету қабылеті, әлденені жүзеге асыру қабылеті, біреулерге өкім жүргізу, бұйрық беру құқығы, қуаттылық, билеу, әлеует, мемлекетті басқару құқығы, саяси ұstemдік және мемлекеттік органдардың өкілділігі» [5, 82-102].

Айталық, қытай әдебиетінің классигі Лао Шэнің «Мысықтар қаласы туралы жазбалар» атты памфлете де қоғамдық құрылым мерезін тіршілік ету ортасымен, дәстүр тарихи ығымен астарлы жымдастырады. Қиял-ғажайып, кейде ертегілік әлеуетке сүйснे отырып, ол келешек пәлсапасын, ұранқой жаңашылдық, жадағай инновациялық жобалар құбылысын өткір келемеж деңгейіне жеткізеді. Енді фантастикалық сатира пішіні аясына сыйып кеткен хикаяттың өзіне деңгейі: «Внезапно раздался отчетливый звон, который, казалось, нарушил долгие годы безмолвия. Я и сейчас иногда еще слышу его. Это защелкнулись кандалы на моих ногах, такие тесные, что я перестал чувствовать лодыжки.

Какое преступление я совершил? Что они собираются сделать со мной? Впрочем, что рассуждать: в кошачьем обществе человеческий разум вряд ли нужен, не говоря уже о чувствах...

Последние триста лет были периодом разбоя, но это совсем неплохо, так как разбой свидетельствует о свободе личности, а свобода всегда была высшим идеалом людей-кошек. (Примечание. Слово «свобода» в кошачьем языке не совпадает по своему значению с аналогичным китайским словом. Люди-кошки называют свободой насилие над другими, отказ от совместной деятельности, произвол... Отсюда разобщенными оказываются не только мужчины и женщины, но и все люди. Свободный человек не позволяет окружающим касаться его. Встретившись, люди-кошки выражают почтение друг другу не рукопожатием или поцелуем, а отворачиваясь друг от друга). Карап отырсақ, бұл «ғарыштанушылық» туындыда үақыт пен кеңістік үздіксіздігі, кешегі мен бүгінгі дәстүр жалғастырылған. Сонымен қатар, біз атамын мәтін бітімінен, не десек те, қазіргі дәуірдің ауыздан түспес терминологиясына айналған хай-тек пен кері кету, консерватизм мен либерализм қарама-қайшылығының айқындала түскенін анғарамыз. Ендеше, біз бен олар арасындағы ұқсастық пен сабактастық, символдар мен трендтер араласы сонау алыс қиялардан мен мұндалап тұрған жок па?

Сол сияқты Анатоль Франс қаламының құдыретін аңғартар Балпанақтар (пингвиндер) республикасының да кейіп заманалы үдеріспен тамырлас, еншілес екенігіне құман келтіруге еш негіз жок. Бұл – енді әлсұметтік формалану жағы. Сонымен қатар «Балпанақтар аралы» романы – уытты да ызбарлы саяси памфлет. Креативті қиялдан өріліп шыққан мұндағы оқигалар, эпизодтар мен образдар мейлінше әсірелене түссіді, гротеск айбаты шырқау шынына жетеді. Авторлық интонация мен емеуірін де сол маңайдан табылады. Жазушы роман-памфлете іріп-шіріген мемлекет құрылымын, жаппай жемқорлықты, тойымсыздықты, демократияны желеу еткен қаржылық олигархияның нақты билікті уысында ұстап отырғанын ашына, шамырқана, ширыға сипаттайды.

Сатира саласының асқан білгірі Т.К. Қожакеев: «Ол (памфлет – К.К.) өткір полемикалық сарынмен, үлкен пафос-шабытпен, мол қуат-екпінмен, патетикалық құштар-құмарлықпен жазылады. Үні-тоны қатал да өктем келсіді. Ирония (астарлы кекесін), сарказмды (келемеж), гротескті (ұлкейту, әсірелу) баса пайдаланады. Яғни памфлете жазушының ғана емес, насиҳатшының да, шешенін де, публицистің де тіл, стильдік әдіс-құралдары қатар қолданылады», - деген ой айтады. [6, 141]. Расында да солай. Мерзімді басылым беттерінс жарияланар памфлете жанры көп жағдайда дәл сондай үлгімен жазылады. Бірақ, біздіңше, қарымы зор, құшагы кең роман-памфлете тіл зілінен ғері образ уыты, кейіпкер іс-әрекетінің комизмі басым түсіп жатады.

Сөз барма, өткеннің образы бүтін мен келешектің сапасына көленкесін түсіреді. Ал сол өткеннің салқыны арқылы футурумның келбетін айқындал, әдеби-сатиралық тұрғыдан иін қандыра білген заңарлы әдеби-публицистикалық дүниенің бірі – М.Е. Салтыков-Щедриннің «Бір қаланың тарихы» хикаяты. Осы ретте белгілі орыс классигі И.С. Тургенев өз әріптесінс жазған бір хатында былай деп

толғанады: «Бір қаланың тарихы» – бұл Ресей физиологиясының түбекейлі тұстарының ең шынайы бейнеленуі...» «Сіз кейбір адамдардың өшпенділігіне налисыз – оныңыз бекершілік, олар сіздің атыңызды естігеннің өзінде қуарып сала береді. Өшпенділік тудырган адам – сүйіспеншілікті де тудырады. Сіз жай ғана мұралық дворян М.Е. Салтыков болсаңыз – мұндай ештесе болмас та еді. Ал сіз біздің әдебистке терең із салған жазушы Салтыков-Щедринсіз – сондықтан сізben өштеседі – сізді сүйеді, әркім әрқалай. Осының өзі – өзіңіз айтып отырган «өмір нәтижесі», соған сіз дән риза болуыңыз керек». Расында да, өмір нәтижесі, данышпанның да данғазаның да ырқына конбес уақыт үдерісіне тікелей байланысты. Ал уақыт пен тарих беттерінде із қалдыrap сатирик кейіпкерлерінің толық емес тізбесі төмендерідей. Бұлардың барлығы да белгілі бір тіршілік көністігінің аясында елмен де, жермен де жағаласқан әрі-сәрі кейіпкерлер, әлі де сан қайталанар-қайталанбас сатириалық, әлеуметтік образдар.

«Бір қаланың тарихының» салыстырмалы хронологиясы

Рет саны	Қалабасылары	«Жылнама...»	Мәтін
7	Пфейфер	1761-1762	?-1762
8	Брудастый-Органчик	1762-?	1762, тамыз – 1763, көктемі/жазы (?)
	Қала басқарған алты әйел	Бір апта	Бір апта
9	Двоекуров	?-1770	1762-1770
10	Де Санглот	1770-1772	?
11	Фердыщенко	1772-1779	1770-1779
12	Бородавкин	1779-1798	1779-1798
13	Негодяев	1798-1802	1798-1802
14	Микаладзе	1802-1814	1802-1806
15	Беневоленский	?-1811	1806-1811
16	Прыщ	1811-?	1811-?
17	Иванов	?-1819	?-1815
18	Дю Шарио	1819-1821	1815-?
20	Грустилов	1821-1825	Меззімі көрсетілмеген
21	Угрюм-Бурчееев	1825-?	Мерзімі корсетілмеген
22	Перехват-Залихватский	1825 (1826?) - ?	Айтылмаған

М.Е.Салтыков-Щедриннің шығармашылығын өткен ғасырда терендей зерттеген ғалым В.К.Кирпотин мынадай байлам жасайды: «Щедринді қала бастықтарының өміrbаяны қызықтырған емес. Оның көзі ел өмірін ажарлайтын билікке және биліктің сипатына түседі. Сатирик билікті екі тұрғыда қарастырады. Бір жағынан бұл – билікті уысында ұстаушылардың, екінші жағынан қоластындағылардың сатириалық бейнесі» [7, 120]. Шындығында да солай. Билікті туыннататын да, тәрбиелейтін де әлеуметтік орта. Билік басына келімді-кетімді кісілерге қол астындағы жүрті да сай, бірінен бірі өтеді, қаламгер сол орын басу процесінс, қогамдық ауысымдар жагдайына жіті назар аударады. Кейде репортаж, кейде очерк макамы арқылы оқиға барысын ширыктыра түседі. Әу баста: «В августе 1762 года в городе Глупове происходило необычное движение по случаю прибытия нового градоначальника, Дементия Варламовича Брудастого. Жители ликовали; еще не видав в глаза вновь назначенного правителя, они еще рассказывали об нем анекдоты и называли его «красавчиком» и «умницей». Поздравляли друг друга радостью, целовались, проливали слезы, заходили в кабаки, снова выходили из них, и опять заходили. В порыве восторга вспомнились и странные глуповские вольности. Лучшие граждане собрались перед соборной колокольней и, образовав всенародное вече, порясали воздух восклицаниями: батюшка-то наш! красавчик-то наш! умница-то наш!

Явились даже опасные мечтатели. Руководимые не столько разумом, сколько движениями благодарного сердца, они утверждали, что при новом градоначальнике процветет торговля и что, под наблюдением квартальных надзирателей, возникнут науки и искусства. Не удержались и от сравнений. Вспомнили только что выехавшего из города старого градоначальника и находили, что

хотя он тоже был красавчик и умница, но что, за всем тем, новому правителью уже по тому одному должно быть отдано преимущество. Что он новый», - деп бір қайырады [8, 29].

Профессор Т.К. Кожакеев: «Адамның, заттың занды, табиги сиқын, түр-түсін жоғалтуында да комизм бар», - деп жазады [9, 36]. Зерттеушінің осы пікірі М.Е. Салтыков-Щедриннің мына кейіпкеріне де тиесілі-ау деп ойлаймыз. «14) Микаладзе, князь Ксаверий Георгиевич, черкашенин, потомок сладострастной княгинии Тамары. Имел обольстительную наружность и был столь охоч до женского пола, что увеличил глуповское народонаселение почти вдвое. Оставил полезное по сему предмету руководство. Умер в 1814 году от истощения сил» [10, 28].

Біз, әрине, кешегінің әр қалыбын бүгінгі жедел реализмге кигізе салудан аулақпыз. Десек те, классиктер шығармаларындағы ой ағымы, сана белсенділігі белгілі бір қоғами мендеулерге жетелері сезсіз.

«Но проходил месяц, проходил другой – революции не было. А глуповцы все жили и все что-то жевали. Надежды росли и с каждым новым днем приобретали все больше и больше вероятия. Даже «отпадшие» начали убеждаться в неуместности своих опасений и крепко приставали, чтобы их записывали в зачинщики. Очень может быть, что так бы кончилось это дело измором, если бы бригадир своим административным искусством сам не взволновал общественного мнения. Обманутый наружным спокойствием обывателей, оне очутился в самом щекотливом положении. С одной стороны, он чувствовал, что ему делать нечего; с другой стороны, тоже чувствовал – что ничего не делать нельзя» [11, 64-65].

«Күлкі – адамның өмір серігі. – дейді профессор Т.К. Кожакеев. - Ол арқылы адам өзінің жан дүниесін, көңіл-күйін, белгілі бір болмыс-құбылысқа қатысын анғартады» [12, 46]. Сондықтан ғалым сезіне ден коя отыра, жазушының мынадай жолдарын оқи отыра, біз де кейпкерлердің аса ерек ағартушылық шабытына мыскылдай қараймыз.

«Всех войн «за просвещение» было четыре. Одна из них описана выше, из остальных трех первая имела разъяснить глуповцам пользу от устройства под домами каменных фундаментов; вторая возникла вследствие отказа обывателей разводить персидскую ромашку, и третья, наконец, имела поводом разнесшийся слух об учреждении в Глупове академии. Вообще видно, что Бородавкин был утопист и что если б он пожил подольше, то наверное кончил бы тем, что или был бы сослан за вольномыслие в Сибирь, или выстроил бы в Глупове фаланстёр [13, 95]. Осы ретте мына мәселені оқырман есіне салуды жен көріп отырмыз. Шарль Фурьенің утопиялық социализм ілімі бойынша, фаланстёр дегеніміз – құрамында 1600-1800 адамы барөзін өзі асырайтын коммуна-фалангalar орталығы. Фурьенің өзі қаржы тапшылығынан бірде-бір фаланстёр үйстыра алмады, ал оның бірен-саран ізбасарлары ғана сондай бірлестіктердің іргетасын қалап шықты. Алайда олардың да ғұмыры ұзакқа бармады, бар-жоғы 12 жылға ғана созылды.

М.Е.Салтыков-Щедриннің жоғарыда көрсетілген кестеде жиырма бірінші болып тұрған кейіпкерінің тұра жолы да, қазіргіш айтқанда, жол картасы да мынадай: «А Угрюм-Бурчесв все маршировал и все смотрел прямо, отнюдь не подозревая, что под самым его носом кишат дурные страсти и чуть-чуть не воочию выплывают на поверхность неблагонадежные элементы. По примеру всех благополучительных благоустроителей, он видел только одно: что мысль, так долго зревшая в его заскорузлой голове, наконец осуществилась, что он подлинно обладает прямою линией и может маршировать поней сколько угодно. Затем, имеется ли на этой линии что-нибудь живое, и может ли это «живое» ощущать, мыслить, радоваться, страдать, способно ли оно, наконец, из «благонадежного» обратиться в «неблагонадежное» - все это не составляло для него даже вопроса...» [14, 164].

«Комизм біткеннің бәрі бірдей күлкі шақырмайды. Кейде ол ызалы, кекті сезім туғызады», - деп үғындырады бізге профессор Т.К. Кожакеев [15, 41]. Тап солай екенін біздің бүгінгі оқырман М.Е. Салтыков-Щедрин сатирасынан алынған төмөндегі үш үзіндіден-ақ қапысыз байқайды.

Мәселен, өзі жазған ақтальным құжаттарында Василиск Бородавкин былай деп тіл безейді: «Бір қалабасысының маган былай дегені бар: бауырым-ау, біз қайдағы қалабасымыз! Күн сайын менің күнім шығыстан атады, мен болсам, батыстан шықсын деп өкім шығара алмаймын!» [16, 171].

«Необходимо дабы между градоначальниками царствовало единомыслие. Чтобы они, так сказать, по всему лицу земли едиными устами. О вреде градоначальнического многомыслия распространюсь кратко. Какие суть градоначальниковы права и обязанности? – Права сии суть, чтобы злодеи трепетали, а прочие чтобы повиновались... Но кто же они злодеи? Очевидно, что при многомыслии по сему предмету может произойти великая в действиях неурядица. Злодеем может быть вор, но это злодей, так сказать третиестепенный? Злодеем называется убийца, но и это злодей лишь второй

степени, наконец, злодесем может быть вольнодумец – это уже злодей настоящий, и притом закоренелый и нераскаянный» [17, 166].

«Градоначальник обязан насаждать науки. Это так. Но и в сем разве необходимо дать себе отчет: какие науки? Науки бывают разные; одни трактуют об удобрении полей, о построении жилищ человеческих и скотских, о воинской доблести и непреоборимой твердости – они суть полезные; другие, напротив, трактуют о вредном франкмасонском и якобинском вольномыслии, о некоторых, якобы природных человеку понятиях и правах, причем касаются даже строения мира – сии суть вредные. Что будет, ежели один градоначальник примется насаждать первые науки, а другой – вторые? Во-первых, последний будет за сие предан суду и через то лишится права на пенсию; во-вторых, и для самих обывателей будет от того польза, а вред. Ибо, встретившись где-либо на границе, обыватель одного города будет вопрошать об удобрении полей, а обыватель другого города, не вняв вопрошающему, будет отвечать ему о естественном строении миров. И таким образом, поговорив между собой, разойдутся. Следственно, необходимость и польза градоначальнического единомыслия очевидны» [18, 169].

Сөз соңында айтарымыз: философиялық таным да, алеуметтік сатира да, көркемдік сана да қаз-қалпында қалып қоймайды. Ізденеді, із тастайды, ілгері басады. Жоғарыда айтып кеткен ойшылдарымыз да, сатирик қаламгерлерлеріміз де, ғалымдарымыз да осы заманда өмір сүрсе, бәлкім, басқаша принципті басшылыққа алар ма еді, қайтер еді. Әйтеуір, баршамыздың да қаузаганымыз ақиқаттың дәл өзі болмаса да, соның маңайы. Қытайдың әлемге мәшінур ойшылы Конфуций атап көрсеткендегі, «ақиҳатты таңертеп тани алсан, кешкісін о дүниеге аттана беруге болады».

Әдебиеттер

1. Аль Фараби Абу Наср. Добродетельный город. – Алматы: Международный клуб Абая, 2014.
2. Аль Фараби Абу Наср. Добродетельный город. – Алматы: Международный клуб Абая, 2014.
3. Керимтаев А. Узнаёте ли вы своего начальника? – Алматы, 2016.
4. Қожакес Т.Қ. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996.
5. Ледяев В.Г. Концепции власти: аналитический обзор // Антропология власти: Хрестоматия по политической антропологии: В 2 т. / Сост. и отв. ред. В. В. Бочаров. Т. 1. Власть в антропологическом дискурсе. СПб., 2006.
6. Қожакес Т.Қ. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996.
7. Кирпотин В. М.Е. Салтыков-Щедрин: Литературно-критический очерк. – М.: Советский писатель, 1939.
8. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I.–М.: Художественная литература, 1984.
9. Қожакес Т.Қ. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996.
10. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I.–М.: Художественная литература, 1984.
11. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I.–М.: Художественная литература, 1984.
12. Қожакес Т.Қ. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996.
13. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I.–М.: Художественная литература, 1984.
14. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I.–М.: Художественная литература, 1984.
15. Қожакес Т.Қ. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996.
16. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I.–М.: Художественная литература, 1984.
17. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I.–М.: Художественная литература, 1984.
18. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I.–М.: Художественная литература, 1984.

**ҚАБЫЛҒАЗИНА К.,
Баспасөз және электроны БАҚ
кафедрасының профессоры**

«САТИРА-КУШТІЛЕР ҚАРУЫ»

90 жасқа толып, мерсілі мерекесі атальш өтілгелі отырган сатира сардары Т.Қожакеевтің бір еңбегі осылай аталады. Қазіргі тәуселіздік дәүірінде адам санасы, адам парасаты үшін әрекет ету, оларды биік мақсаттарға баулу – қоғамдық алғы шарттардың бірі. Жастарды жоғарғы адамгершілік, ізгілік, патриотизмге адалдық, жалғандыққа ымырасызың рухында тәрбиеу - өнер туындыларының басты міндегі. Ал, сатира адамды қалай тәрбиелейді?

Сатираның негізгі мақсаты- ізгілік, иглік. Ол адамдарды адал өмір сүруге, арлы болуға, намысшыл болуға үйретеді. Жалақорлар мен өтірік, есек таратушыларға қарсы күресе білуге баулиды, кемшілікті көреді. Сатира арқылы жұрт өмірлік болмыс, құбылыстардың қайсысы зиянды, қайсысы пайдалы екенін, нені қолдан, неге қарсы күресу қажеттігін ұғынады. Зиянды кемшіліктерден сактанады, соларға қарсы күрсессіп, оны жоюдың жолдарын үйренеді.

МАЗМУНЫ

<i>Сұлтанбаева Г.С.</i>	
Үстаз. Уақыт. Шәкірт.....	3
<i>Қекен Қамзин, Мұрат Шаймаран</i>	
«Бір Қаланың Тарихы» Хикаятындағы Әлеуметтік Сатира.....	5
<i>Қабылгазина К.</i>	
«Сатира - күштілер қаруы».....	9
<i>Әлімжанова А.Б.</i>	
Блогтық журналистика негіздерін оқыту тәсілдері.....	12
<i>Альжанова А.Б., Сейдеханов С.А.</i>	
Социальная сеть facebook как новая четвертая власть в современном казахстанском обществе.....	14
<i>Барлыбаева С.Х</i>	
Влияние новых медиа на развитие современного общества.....	15
<i>Губашева Д. Т.</i>	
Перспективность и востребованность PR-образования.....	17
<i>Zhanabekova M.A., Ulpan S.</i>	
The concept of politeness and its application in Kazakh and Chinese.....	19
<i>Майкотова F.</i>	
Күле білу - өмір, күлдіре білу – онер.....	22
<i>Mukanova G.K., Alimzhanova A.B.</i>	
Practice of training international journalistin al-Farabi kazakh national university.....	25
<i>Marzhan Azhibek</i>	
Intellectual nation as a dominant trend of innovative development of the republic of Kazakhstan.....	27
<i>Сұлтанбаева Э.С</i>	
Әлеуметтік жөлілердің қызметі: әлеуметтік-саяси құбылыс және қоғамдық феномен.....	30
<i>Умирбекова Р.К.</i>	
Ахмет Байтұрсынұлы - терминология саласын қалыптастыруышы.....	34
<i>Сембиеva Г.</i>	
Қазақ ғылыми-тәнімдық публицистикасы	37
<i>Саденова А.Е., Сапарходжаева Н.П., Курманова Т.В.</i>	
Тіл үйретуде коммуникативтік әдістемелік ұстанымның маңыздылығы	41
<i>Mukanova G.K., Kozybaev S.K., Moldabekov A., Alimzhanova A.</i>	
Method of formation of creative information fields (the theory of ervin laszlo)	43
<i>Нода Л.П</i>	
Образ новой России в публицистике	44
<i>Ложникова О.П.</i>	
Методические основы работы телеведущего на современном канале	49
<i>Сейдеханов С.А.</i>	
Бренд-журналистика как основа контент-маркетинга	53
<i>Еркін Ж.Ж., Жайлышбаева З.</i>	
Латын әліпбійнің өзектілігі	58
<i>Қалиев Б.А.</i>	
Ішкі істер органдың қызметкерлерінің сөйлеу (тіл) мәдениеті жайында	59
<i>Тойлыбаева Аида</i>	
Ақпарат және журналистиканың халықаралық стандарттары туралы жалпы түсінік	61
<i>Қасымбекова М.Д.</i>	
Педагог-психолог маманның сабактан тыс тәрбиелік іс-шаралар арқылы билім алушыларды жан-жақты қалыптастыру жолдары	64
<i>Мамырбекова Г.А.,</i>	
Факторы социализации в семье и социально-педагогические особенности семейного воспитания	69
<i>Шекен Ж., Жақан Ә.Қ.</i>	
Дөңтай Қожамбетұлы поэзиясындағы бүкіл адамзаттық гуманизм және дін мәселелері.....	73